



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№16 (1401)  
13 мамыр  
2011 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Мамыр айының 12-13 жұлдызында ҚазҰУ-дың Қолданбалы лингвистика мәдениаралық қарым-қатынас орталығының ұйымдастыруымен «Зерттеу жұмыстары – Ғылым – Өндіріс» TEMPUS PERSEUS принципі бойынша «Қазақстан жоғары оқу орындарында инновациялық қызметтің дамуы және келешегі» атты дөңгелек үстел өтті.

## Инновациялық даму талқыланды

Орталық Азия елдері үшін еуропалық тәжірибенің маңызы зор. Бүгінгі таңда ҚазҰУ классикалық үлгіден ұлттық зерттеу университетіне қарай бірте-бірте бет алып келеді. Темпус жобасы бүкіл дүние жүзіне кеңінен танымал болғандықтан, оқу орындары үшін аса тиімді жүзеге асуда. Университетімізде екі күн қатарынан өткен дөңгелек үстелге ұлттық TEMPUS офисінің үйлестірушісі Шайзада Тасбулатова, халықаралық ЕС жобасынан профессор Карлос Мачадо, Халықаралық жобалардың даму және басқару директоры, профессор Кристина Йокелайнен, Қолданбалы лингвистика және мәдениаралық қарым-қатынас орталығының директоры, жоба үйлестірушісі Жібек Бимағамбетова, сонымен қатар Алматы технологиялық университеті, Қарағанды экономикалық университеті, Оңтүстік Қазақстандағы М.Әуезов атындағы университеттерінен жоба үйлестірушілері мен TEMPUS PERSEUS жобасын жүзеге асырушы эксперттер қатысты. Жобаның басты мақсатында – Қазақстан ЖОО шағын және көп ғылымды кәсіпорындарының құрылуы және даму келешегі талқыланды. Жергілікті және халықаралық серіктестіктің өкілдері мен ғалымдар Қазақстан университеттерінің өндірістік үлгілерін білімнің жаңа парадигмасында жетілдіру турасында ой бөлісті. Сондай-ақ дөңгелек үстел қатысушылары әлемдік бәсекелестіктің жетістіктерін, ғылым мен өндіріс байланысын нығайтуды назарға алды.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҚАЗҰУ - АСТАНА ФОРУМЫНЫҢ ЕҢ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫСЫ



3-4 мамырда Елордада IV Астана Экономикалық форумы өтті. Еуразия кеңістігіндегі теңдесі жоқ халықаралық пікірталас алаңы әлемдік экономиканы біртараптандыруда үлесі зор екендігін айқындап берді. Биылғы IV форум «Жаңа онжылдық: болашақтар мен талаптар» деген тақырыпта өтті.

Дәстүр бойынша форумның басты мақсаты – әлем экономикасын сауықтыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды G20 қатысушы ел басшыларының назарына жеткізу. Форум аясында 6 панельдік сессия, 2 конгресс (Инновациялық конгресс, Еуразия іскерлік конгресі), «Астана инвест – 2011» инвест форумы ұйымдастырылды.

Форумға дүние жүзінің 80-нен астам елінен 5000 адам қатысты. Жалпы алғанда бұл форумға 3800-ден астам қатысушы күтілген болатын. Олар: өртүрлі елдер мен құрылымдардың әйгілі

саяси және қоғам қайраткерлері, белгілі жетекші ғалымдар, бизнес пен мәдениет өкілдері. Қатысушылар ішінде 6 Нобель сыйлығының лауреаты, атап айтқанда Роберт Манделл, Джон Нэш, Джеймс Миррлис, Роберт Ауманн, Роджер Коренберг, Кидданд Фини болды.

Пленарлық мәжілісті Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхиты экономикалық және әлеуметтік комиссиясының атқарушы хатшысы Ноэлин Хейзер ханым жүргізді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың

әлемдік экономиканың қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелері туралы жасаған баяндамасы зор ықыласпен тыңдалып, сессияларда қаралатын мәселелер бағыттарын айқындап берді. «Әлемде орын алған қазіргі дағдарыстың сабақтарына жан-жақты және объективті талдау жасау қажет. Басты сабақ болатыны – экономикалық саясаттағы дисбалансқа жол бермеу. Дағдарыста екінші сабақ болатыны – индустриалдық-инновациялық саясаттың мән-мағынасының артуы. Көптеген елдер жаһандық бәсекелестікке инновация, жаңа технология және өздерінің корпоративтік чемпиондарын қалыптастыру арқылы қосылып отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

ӘРІПТЕСТІК ■

РЕКТОРАТ ■

## 20 студент ПОСКО қорының шәкіртақысын иеленді

11 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Т. Дж. Пак атындағы ПОСКО болат балқыту комбинаты қорының делегациясы арнайы келді. Қор делегациясы ҚазҰУ-дың 20 студентіне ПОСКО болат балқыту комбинаты қорының шәкіртақысын табыс етті.

Оңтүстік Кореяның ПОСКО (POSCO) компаниясы – әлем елдері ішіндегі металлургия және болат өндіретін ірі компанияларының бірі. 1971 жылы осы компанияның негізін қалаушы Т. Дж. Пак атындағы қордың демеушілігімен құрылды. Қор жұмысы отандық және шетелдік ғылым, мәдениет, білім салаларын дамытуға бағытталған. 2006 жылдан бастап Қор Азия елдерінің үздік студенттеріне шәкіртақы бөлу бағдарламасын енгізген



болатын. Осы орайда Қазақстандағы білім ордалары арасында алғашқылардың бірі болып әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қарым-қатынас орнату меморандумына қол қойды. Нәтижесінде 2007 жылы

қазулық 25 студент, 2008, 2009 және 2010 жылдары ҚазҰУ-дың 20 студенті қордың шәкіртақысын иеленді.

(Жалғасы 2-бетте)

## Сәтті сессия – басты талап

Университет рейтингісінің басты өлшемі сессия кезеңімен өлшенетіндігі тәжірибеден белгілі. Студенттің өз жиған-терген білімі мен тәжірибесін сынға алатын, пысықтап, таразылайтын шешуші сын сәті де студенттік өмірде сессия ұғымымен тығыз байланысты. Осы орайда әр студенттің сессияны қалай тапсырмағы университет рейтингісіне өз салмағын қоспақ. 10 мамырда өткен Ректораттың кезекті мәжілісінде 2010-2011 оқу жылындағы көктемгі сессияға дайындық деңгейі кеңінен қаралып және компетенттік бағыт негізінде оқу бағдарламасын дайындау мәселелері назарға алынды.

(Жалғасы 2-бетте)

# СӘТТІ СЕССИЯ – БАСТЫ ТАЛАП

(Басы 1-бетте)

Ректорат жұмысы әдеттегідей үздіктерді марапаттаудан басталды. Философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолықын Құлсариеваға және журналистика факультеті ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Ләйла Ахметоваға ҚР Президентінің сайлауында сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғысы тапсырылса, ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановқа Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Тахир Балықбаев ЖОО студенттері арасында өткен VI жазғы универсиада кезінде ҚазҰУ командасы жоғары дайындықпен белсене қатысқаны үшін алғыс хатын жолдады. Сонымен қатар жақында өткен SIFE байқауына қатысқан студенттер де арнайы дипломмен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін Ректораттың ресми бөлімі басталды. Онда ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Гүлнар Балақаева мәлім еткендей, 1-3-курс бакалавриат студенттері 2-28 мамыр аралығында, 1-курс магистранттары мен 1-2-курс PhD докторанттары 2-21 мамыр аралығында 2010-2011 оқу жылының көктемгі сессиясынан өтеді. Бұл оқу жылының көктемгі сессиясында жалпы тапсырылатын емтихан саны магистратурада – 310, бакалавриатта – 2865, докторантурада – 230-ды құрайды.

Проректор көктемгі сессияға дайындықты айтып, қысқы сессия уақытында емтихан ережесін бұзған, келеңсіз оқиғаларға орын берген тұлғаларды атады. Ереже бұзғандарға тиісті шара қолданылғандығын тілге тиек етті. Емтихан тапсыру барысында «шпаргалка» қолдану, емтиханға уақытында келмеу сияқты кездесетін келеңсіздіктердің алдын алу керектігі айтылды. Проректор күзгі емтихан нәтижесінен кейін арнайы ережелер жасалынғандығын айтады. Олар: «Студенттің



емтиханда өзін-өзі ұстау ережесі», «Емтихан қабылдаушының өзін-өзі ұстау ережесі», «Факультет диспетчерінің емтихан уақытында өзін-өзі ұстау ережесі», «Тіркеуші кеңсесі қызметкерінің емтихан уақытында өзін-өзі ұстау ережесі», «Деканның оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының емтихан уақытында өзін-өзі ұстау ережесі», «Академиялық сұрақтар жөніндегі департамент қызметкерлерінің емтихан уақытында өзін-өзі ұстау ережесі». Сондай-ақ география факультетінде емтихан билеттерінің жетілдірілген түрі мен экономика және бизнес жоғары мектебінде емтихан жауаптарын тексерудің жаңа құрылымы жасалынған.

Емтихан кезеңінің өтуі мен дайындығы айтылғаннан кейін алда сессияны сәтті тапсыру міндеті жүктелді. Студенттердің 30 мамыр мен 2 шілде, 4 шілде мен 6 тамыз аралығындағы жазғы семестрде оқуын дамыту, магистранттар мен докторанттардың шетелдік ғылыми өтілімге

баруын кеңейтіп, академиялық ұтқырлықты дамыту міндеттері қойылды.

Компетенттік бағыт негізінде оқу бағдарламасын дайындауда, ең алдымен, дәстүрлі университеттен зерттеу университетіне айналу талаптары басты назарға алыну қажет. Оқытуды зерттеу арқылы жүзеге асырып, білім бағдарламасы мен технологияларды дамыту керек. Зерттеу университетіне айналу жолында нарық сұранысына ие, қабілеттілікке сай мамандар даярлау университеттің басты талабы екендігі айтылды.

Ректорат мәжілісінде бұдан кейін тарих факультеті дүние жүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі т.ғ.д., профессор Қалқаман Жұмағұлов зерттеу университеті жүйесіндегі дүние жүзі тарихы кафедрасының үлгісін ұсынды. Одан кейін Ректорат қаулыларының орындалу барысы қаралды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

**11 мамырда** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Кореяның денсаулық сақтау институты, халықаралық емдеу мекемесі координациялық тобының бастығы Kim Sam Ryang, «Junglim Architecture» дизайн орталығының директоры Park Won Bae, Корея сандық емхана агенттігінің аудандық директоры Kim Tae Hyung, Корея университеті жанындағы медициналық орталықты вице-президенті Cho Tai Hyoung, Корея университеті жанындағы менеджер көмекшісі Kim So Heemen келді.

Кездесу аясында Корея университеттерімен білім-ғылым жүйесін алмастыру, шығыстану факультетіндегі студенттерге корей тілін еркін меңгерту, медициналық орталық ашу мәселелері қаралды.

Медициналық орталық оқыту жүйесіндегі азаматтық сақтандыру, дәрігерлерге демеу көрсету, емханалардың әлемдік деңгейде алдыңғы қатардан көрінуін қамтымақ.

**12 мамырда** ҚазҰУ Студенттер сепатының ұйымдастыруымен әл-Фараби алаңында «Кітап – ҚазҰУ студенттерінің досы» атты flash-mob акциясы өтті. Акция жас ұрпақты болашағына салынатын басты капитал – білімді тек кітаптан іздеу керектігін насихаттады. Студенттерге шпаргалка қолдану және т.б. жалған әрекеттермен келетін білімнің сапасыз екендігін түсіндіріп, таза білім жолын іздеуге баулыды.

Акцияға ҚазҰУ-дың 150-ден астам студенті мен қаладағы кітап дүкендері қатысты.

**13 мамырда** TEMPUS PERSIUS бағдарламасының инновациялық жобаларды коммерциализациялау және ғылыми инфрақұрылымдар құру саласы бойынша сарапшысы, профессор Кристина Йокелейне ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқыды. Дәріс «Технология трансферті» тақырыбына арналды. Мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесіне қалай жету керек, ғылыми-зерттеу жұмыстарының коммерциялық әлеуетін қалай ажырату қажет, кірісті қалай әкелу деген сияқты тақырыптар қаралды.

ЖОБА

## Инновациялық даму талқыланды

(Басы 1-бетте)

Профессор Карлос Мачадо: «Инновациялық қызметтің даму қарқынын жылдар сатысына бөлу қажет. Бірінші жылда – даму қарқыны мен орталықтың құрылуы, екінші жыл оқыту жүйесі мен дамыту, үшінші жыл – ең басты жұмыс атқарған бөлімдерден қорытынды жасау. Баға осы ең соңғы қорытындыға қарап шешіледі. Бүгінде бұл жоба 56 қатысушыны құрап отыр. Біз, ең бастысы, еуропалық профессорлардың кеңесіне жүгінеміз, себебі еуропалық әріптестер теория мен тәжірибені алмастырып, ақпаратты қолайлы жеткізе біледі. Негізінде санаққа жүгінсек, тренингтің бағасын көтерумен қатар, еуропалық әріптестерге де көмегін тигізеді. Біз бірден-бір әріптестік қарым-қатынасты осы іргелі оқу орны ҚазҰУ-мен байланыстырамыз», – деген ойын жеткізді. Биыл үшінші жыл университет қабырғасында өтіп жатқан жоба кафедра, факультет, университеттерде де жалғасын табады. Жоба деңгейі халықаралық дәрежеде көтеріліп отырғандықтан, жылдан-жылға дамып, өз құндылығын көтеріп отырғандығын аңғарамыз. Оңтүстік Қазақстандағы М.Өуезов атындағы университет, Батыс Қазақстандағы М.Өтемісұлы атындағы университет, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы Технологиялық университетімен қатар, Қырғызстан, Өзбекстан, Испания, Германия сынды шет мемлекеттердің де оқу орындары технологиялық білімді дамыту, ғылымды инновацияландыру, интерактивтік сайттарды құрудан алдына жан салмай отыр. Әрбір аймақ пен университеттер арнайы форум өткізіп, оқу орындары арасында өзара меморандумға қол қойысып, келісімшарт жасайды.

Дөнгелек үстел барысында оқу орындарының инновациялық қызметін дамытуда бизнес пен экономикалық секторлардың жұмысын жандандыру көзделді. Көптеген үйлестірушілердің бірігуімен өтіп отырған ұлттық және халықаралық сападағы Темпус жобасы үлкен қызығушылық тудырып отыр. Қазақстанның әр аймағынан келген үйлестірушілер өз университеттерінің жобаларын көрсетіп, бір-бірімен пікір алмасты.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

## 20 студент ПОСКО қорының шәкіртақысын иеленді

(Басы 1-бетте)

Бұл үрдісті биыл да жалғастыра келген қор делегациясы ҚазҰУ-дың 20 студентіне ПОСКО болат балқыту комбинаты қорының шәкіртақысын табыс етті.

Т.Дж.Пак атындағы ПОСКО болат балқыту комбинаты қорының вице-президенті Ли Ву Ин шәкіртақы сертификатын табыс ету барысында ҚазҰУ-мен әріптестік байланыстың өте жоғары деңгейде екендігін, қарым-қатынастың нығая беруіне қуанышты екендіктерін жеткізді. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесі мен қоғам игілігі үшін қызмет етіп келе жатқан қордың жұмысымен таныстырып өтті.

Вице-президент мәлім еткендей, университеттің үздік студенттеріне, азиялық ғалымдардың гуманитарлық ғылым саласындағы зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету – қордың басты бағыттарының бірі. Қор жұмысын бір саралап өткен вице-президент Ли Ву Ин: «Қазақстанның жоғары оқу орнымен әріптестігіміз арта береді деп сенемін. Жас ғалымдарды, студенттерді Кореяда магистратура, докторантура білім сатылары бойынша мамандануға шақырамын», – деп ағынан жарылды.

2011 жыл – Қазақстанда Корея Республикасының жылы. Екі ел арасындағы әріптестік байланыс тереңде жатыр. Соның ішінде Қазақстан жоғары оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де Корея елімен байланысты нығайтуда үлесі басым. Университет корейлік білім ордаларымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіндегі корейтану кафедрасы осы салада маман дайындап, студенттердің корей тілін еркін меңгеруіне жағдай жасаған. Бұл басымдықты тілге тиек еткен бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев: «Алда



Корея мен Қазақстан арасындағы жемісті әріптестіктің жемісінде медициналық орталық құрылады. Ол медициналық орталықтың іргесі ҚазҰУ-да қаланбақ. Тағы бір айтарлығы, Кореяның жоғары оқу орындарында қазақ тілі оқытылады. ҚазҰУ-да да корей тілін оқыту жақсы жолға қойылған. Т. Дж. Пак атындағы ПОСКО болат балқыту комбинаты қоры жыл сайын білім және ғылым саласына назар аударып келеді. Осы бағытта университеттегі студенттерге шәкіртақы тағайындалуда. Біз университет факультеттерінен шәкіртақыға нағыз лайықтыларды іріктедік. Олар оқуда озат, қоғамдық жұмыста белсенді студенттер», – деп атап, қордың шәкіртақысын иеленген студенттерге жылы лебізін жеткізіп, құттықтады.

Т.Дж.Пак атындағы ПОСКО болат балқыту комбинаты қоры шәкіртақысының сертификатын иеленгендер қатарында университеттегі әр факультеттің студенттері бар. Олар: тарих факультетінің студенті Қажымұрат Төлегенұлы, заң факультетінің студенті Меруерт Закирова, философия және саясаттану факультетінің студенті Жанерке Айдосова, журналистика факультетінің

студенті Толғанай Байысбекова, филология факультетінің студенті Танар Саудабаева, шығыстану факультетінің студенті Айгерім Каюпова, биология факультетінің студенті Мадина Бекебаева, химия факультетінің студенті Арайлым Киуазова, механика және математика факультетінің студенті Олжас Тұрар, география факультетінің студенті Айгерім Жұманова, экономика және бизнес жоғары мектебінің студенті Самғат Тарақов, физика факультетінің студенті Томирис Исмағамбетова және шығыстану факультетінің студенттері Меруерт Ратбекова, Диас Әкімжанов, Дидар Алтынбай, Ержан Болат, Расул Байназаров, Ақбота Жәніс, Алмас Ілияшев, Әсет Мұсаалин.

Сертификатты салтанатты түрде табыс еткеннен кейін шәкіртақы иегерлері Корея делегациясына кәріс тілінде ризашылықтарын жеткізіп, алғыстарын айтты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өкілдері мен Т.Дж.Пак атындағы ПОСКО болат балқыту комбинаты қорының делегациясы екіжақты естелік сыйлықтармен алмасып, естелік суретке түсті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ӘРІПТЕСТІК

(Басы 1-бетте)

Саналы әлеуметтік саясатты жүргізу қажеттігін мойындау негізгі үшінші сабаққа айналды. Араб елдері мен басқа да бірқатар дамыған елдердегі белгілі оқиғалар халықтың әлеуметтік жағдайына үнемі назар аударып отырудың өзектілігін көрсетті. Тек мемлекеттердің бірлескен күш-жігері ғана орнықты дамуы қамтамасыз ету үшін ағымдағы және жаһандық қауіп-қатерлердің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға көмектеседі. Менің көзқарасым бойынша, келешек дамудың жалпыәлемдік саясаты, біріншіден, макроэкономикалық саясатты үйлестіруге, екіншіден, жаһандық



## ҚазҰУ – АСТАНА ФОРУМЫНЫҢ ЕҢ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫСЫ

нарықты шикізаттан қаржылық реттеуге, үшіншіден, тиімді валюталық-қаржылық жүйеге негізделуі тиіс», – деді ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы.

6 панелдік сессия тақырыптары: азық-түлік қауіпсіздігі, инновациялық экономика, біріккен инновациялық жүйелер дамуының мәселелері мен болашағы, жаһандық және өңірлік интеграция – экономикалық өсудің жаңа мүмкіндіктері, туризмнің қазіргі әлемдегі экономикалық ерекшеліктері тағы басқа өзекті мәселелерді қамтыды.

Қазақстан Республикасының премьер-министрі Кәрім Мәсімов бастаған Үкімет мүшелері форумға белсенді түрде қатысты. Қорытынды мәжіліске келген қонақтар Қазақстанға, Елбасыға, Үкіметке үлкен ризашылықтарын білдірді. Нобель сыйлығының лауреаттары: Роберт Корренберг – химия саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, Кидланд Фини – экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты 6 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқыды.

Астана экономикалық форумы аясында виртуалдық форум өткізілді. Форум барлық әлемнің интернет пайдаланушыларына: сараптамалық шолу, бизнес жобалар, сауалнама және пікірталас сияқты электронды жүйелерге қатысу мүмкіндігін берді.

Виртуалдық форумға қатысушылар саны дүниежүзі бойынша 180 000-нан астам адамды құрағандығы форумның халықаралық қауымдастықтағы зор маңызын көрсетсе керек.

Осы әлемдік деңгейдегі беделі зор пікірталас алаңына қатысу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы «Ең белсенді команда» деп танылып, I орынға ие болды. Сонымен қатар «Ең үздік жоба» номинациясын ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебінің West инвест командасы жеңіп алды. Жеке қатысушылардан ҚазҰУ студенттері А.Исаева (ЭЖБЖМ 3-курс студенті), Е.Мырзатаев, Е.Айтбаев, Б.Жаушүреков (халықаралық қатынастар факультетінің студенттері), сондай-ақ экономика және бизнес жоғары мектебі деканының орынбасары, э.ғ.к., доцент Г.А.Садыханова «Топ-50» номинациясының жеңімпаздары болып танылды. Бұл қатысушыларға Виртуалды форум дипломы, мақтау грамотасы және А.Исаева мен Е.Мырзатаевқа ашалай сыйлықтар берілді. Осындай ғылыми жұмыстарының нәтижелерін халықаралық деңгейдегі үлкен додаға салып, жеңіске жет-

кен студенттеріміз бен оқытушыларымызды мақтан етуге болады.

Әлеуметтік даму үшін, мемлекет тыныштығын тұрақтандыруда экономиканың орны өте зор. Осы орайда елордамызда ұйымдастырылған Астана экономикалық форумы экономикалық дамудың жаңа қырын, жаңа сипатын ашты. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Ноэлин Хейзер: «Біздің алдымызда күн сайын өсіп келе жатқан шешімі қиын мәселелер тұр, олар:



ПІКІР

### Форумның ұсыныстарға себеп болды



**Жұлдызай ЖОРАБАЕВА,**  
экономика және бизнес жоғары мектебінің аға оқытушысы

3-4 мамырда елордамыздағы Тәуелсіздік сарайында IV Астана экономикалық форум өтті. Жалпы форум бағдарламасы жаһандық экономика және қаржы, бизнес және инвестициялар, қоғам және тұрақты даму сияқты негізгі үш бағытты қамтыды. Форум Қазақстандағы ғылымның дамуына және ғалымдардың зерттеу жүргізуін ынталандыруға себеп болды. Аталған форумда танымал ғалымдар, саясаткерлер мен сарапшылардың баға жетпес пікірлері тыңдалды. Бұл бастамаға ұйытқы болған Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік экономиканы жаңғырту жолындағы ерен еңбегін, оның бүгінгі жаһандық экономиканың көкейкесті мәселелерін шешу үшін дүниедегі барлық ғалымдар мен сарапшылардың бірігуіне шақыратын

үндеуін ерекше атап кеткен жөн.

Экономика саласындағы әлемнің айтулы тұлғалары, ғалымдар мен көшбасшы саясаткерлер бас қосқан халықаралық пікірталас алаңы өзінің жемісті нәтижесін берді деп айтуға болады. Жаһандық экономика мәселесі ғана емес, қауіпсіздік, оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігі мен «жасыл өсім» мәселесі, экологиялық даму бағыты, қаржылық тұрақтылық жүйесі, өңірлік ықпалдастық шаралары талқыланған сессиялар барысында тың ұсыныстар дүниеге келді. Және де ондай ұсыныстар негізінде алпауыт ұйымдарға жаһандық қатермен бірлесіп күресу туралы үндеулер жасалды. Қорытындылай келе, Астана экономикалық форумы әлемдік масштабтағы маңызды оқиға екендігі тағы да дәлелденіп, жоғары деңгейде өтті деуге болады.

### Үлкен тәжірибе жинақтадым



**Ержан МЫРЗАТАЕВ,**  
халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті

Астаналық экономикалық форум жайында бұрын естіген болатынымын, ал оның виртуалды форумы бар екендігінен сәуір айында факультет деканының орынбасары хабардар етті. Осы сәттен бастап, виртуалды форумға қатыса бастадым. Виртуалды форумға белсене қатысып, қазақстандық қана емес, әлемнің 80 елінен келген қатысушылармен пікір алмастым. Ғалымдардың, профессорлардың, сондай-ақ мұғалім, студенттердің мақалаларына, пікірлеріне сын пікір жазып отырдым. Және де қызықтырған сұрақтарым осы виртуалды форумнан жауап таптым.

Осылайша, виртуалды форумның белсенді ТОП-50, ТОП-5 қатысушыларының қатарына ендім. Белсенді қатысушы ретінде Астана экономикалық форумына шақырылдым. Астаналық экономикалық форум-

да Нобель сыйлығының лауреаттары, дүниежүзінің ғалымдары, профессорлары, кәсіпкерлері, еліміздің министрлері, ғалымдары, оқытушылары, студенттері де болды. Форум тақырыбы бойынша, сессияларында өзімнің мамандығымға тиісті тақырыптарға қатыстым. Онда сессия спикерлері – экономика саласындағы Нобель сыйлығының иегерлеріне, профессорларға және де еліміздің министрлеріне өз сұрақтырымызды қоюға мүмкіндік алдық. Олардың пікірлерін, дәрісін тыңдап, пікір алмасып, өзіме үлкен тәжірибе жинақтадым. Форум ашық түрде өтті. Бұл менің алғашқы, дүние жүзілік деңгейдегі форумым. Мен бұдан әрі осы форумға, виртуалды форумға қатысатын боламын. Мұндай маңызды форумға қатысуға мүмкіндік алғанымға қуаныштымын.

нарықтағы мазасыздық, азық-түлік бағасының қымбаттауы, зорлық-зомбылық салдарынан туындаған қақтығыстар, Таяу Шығыстағы жайсыздық, жұмыссыздықтың өсуі, тауарлы сауда-саттықтағы баға ауытқушылық, сондай-ақ Жапониядағы цунамидің салдары, Арал теңізі және т.б. табиғи ошақтарға қатысты экологиялық мәселелер, 2008-2009 жылдардағы жаһандық экономиканың баяу жандануы және тағысын-тағылар. Осы мәселелердің шешіміне түрлі мамандықтар мен салалардың өкілдері бас қосқан ашық диалогтардың арқасында ғана қол жеткізуге болады. Осы тұрғыда Еуразияның кіндігі – Астанада өтіп жатқан форумның маңызы өте зор», – деген пікірімен бөлісті.

Форумда сөз алған «Валюта бағамының әртүрлі режимдері шеңберінде ақша және фискалдық саясатты, сонымен қатар оңтайлы валюта аймақтарын талдағаны үшін» 1999 жылы Нобель сыйлығының экономика бойынша лауреаты атанған Роберт Манделлдің айтуынша, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі уақыт АҚШ долларының жұлдызды сәті болды. Доллар халықаралық резервтік валюта ретінде, алтынның сұлбасы ретінде қалыптасты. Халықаралық деңгейдегі валюта ретінде фунт стерлингтің орнын басқан доллар тіпті кейбір сәттерде алтыннан да күшті сипатқа ие болып отырды. Осы ретте Роберт Манделл біз доллардан кетіп, алтынға ауыссақ деген пікірлердің бар екендігін айта келе, бұл үдеріс өте қиынға түспек деген өз болжамын да жеткізе кетті. Роберт Манделл долларға қатысты қазіргі жағдайларға тоқтала келе ендігі кезекте Қытай экономикасының күшеюі халықаралық ықпалы бар валюталардың ара салмағына елеулі өзгерістер енгізуі мүмкін екендігін айта келе, түрлі сілкіністерге жол бермес үшін ендігі кезекте Қытай юанын долларға конверттеу жөн болатындығын атап көрсетті. Сонымен қатар ол Ресей рублінің жағдайына да тоқталды. Бұл пікір Елбасымыз жиі көтеріп жүрген әлемдік экономиканы сауықтыруда жаңа валютаның қажеттігі туралы мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, форум өтіп жатқан ресми Ақорда пікірінің әлемдік деңгейдегі рөлін білдірсе керек.

Ал Нобель сыйлығының тағы бір лауреаты ұлыбританиялық Джеймс Миррлис капитализмнің дамуындағы XX ғасырдың маңызына тоқталды. Нақ осы ғасырда жан басына шаққандағы әлемдік ІЖӨ көлемі 7 есеге өссе, Жапонияда ол 18 есеге артқан. Міне, осының нәтижесінде қалалар құрылысы қатты дамып, Қытай, Үндістан, Ресей секілді үлкен елдер урбандалуға түсті. Әлемде кедей адамдар саны XX ғасырдың соңғы 25 жылында жалпыға шаққандағы үлес бойынша әлдеқайда азайды. Демек, жағдай сондай бір жаман емес. Өз сөзінде Джеймс Миррлис капиталистік жүйенің мүддесін қорғайтындығын білдірді.

Түйткілді-түйткілді мәселелерді қозғаған биылғы форум Қазақстан тәуелсіздігінің «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» деген ұранмен өтіп жатқан 20 жылдық мерейтойын мерекелеу жылымен тұспа-тұс келуі оның басты ерекшелігі десек те болады.

Астана форумы қатысушыларының форумдағы пікірталас бойынша түйіндеген қорытындылары іс жүзінде Азия мен Еуропа елдерінің, әлемнің басқа аймақтарының өзара ынтымақтастығының дамуына, әлемдік экономиканы біртараптандыруға көмектесетіні сөзсіз.

**Баян ЕРМЕКБАЕВА,**  
экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы



# ЛУЧШИЕ СТУДЕНЧЕСКИЕ РАБОТЫ

УЛАҒАТ

КОНКУРС

В целях реализации принципа гуманизации образования в КазНУ им. аль-Фараби, Институт государства и права совместно с юридическим факультетом провел конкурс на лучшую научную студенческую работу: «Становление и развитие суверенитета РК: правовые аспекты», посвященный 20-летию независимости Казахстана. Конкурс проводился с 1 марта по 10 апреля, а награждение победителей прошло 5 мая в конференц-зале юридического факультета.

В конкурсе участвовало тридцать работ студентов на казахском и русском языках по уголовной, гражданской, административной, экологической отраслям права. Конкурсантам была предоставлена свобода выражения и изложения своих мыслей, методов и способов исследований в рамках объявленной темы.

Члены жюри, в состав которого вошли ведущие профессора и доценты юридического факультета, кафедры международного права, научные сотрудники Института государства и права, отметили активность и большой интерес студентов к конкурсу. По итогам конкурса, I место присуждено студенту юридического факультета А.Серікұлы, за работу «Право человека на свободу: люди

не товар», II место - А.Нуржановой, за раскрытие темы «Политика репатриации в РК: правовые аспекты», III место - Ж.Зарыповой, за работу «ҚР егемендігінің қалыптасуы мен дамуының құқықтық негіздері (Қазақстан Республикасында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің экологиялық құқықтық мәселелері)».

Победителям были вручены дипломы и ценные призы. Кроме того, за оригинальность научной идеи были отмечены студенты Е.Хамидулина, А.Темирова, К.Райымбергенова, Г.Махабил. За активное участие и поощрение студентов к научно-исследовательской работе сертификатами были награждены научные руководители: С.Айдарбаев, Д.Баймаханова, А.Дошанова, Л.Еркинбаева, Н.Мынбатырова, А.Жарболова, Г.Айгаринова, С.Сулейменова, А.Жатқанбаева, А.Ибраева, С.Есетова, Н.Тұяқбаева.

**А.А. САЛИМГЕРЕЙ,**  
Директор Института государства и права КазНУ имени аль-Фараби



Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 18 мамырда философия ғылымдарының докторы, профессор М.С.Орынбековтың 65 жылдығына арналған «Ғасыр санасы: онтология, дін, мәдениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.



## Ұлт бірегейлігін көксіген ойшыл

Конференция жұмысы «М.С.Орынбеков және қазақ халқының діни-рухани ізденістері», «Дәстүрлі діни құндылықтар және Қазақстан халқының рухани бірлігі», «Болмыс және XXI ғасырдағы әлем суреттемелері» және «Мәдениет және ғасыр санасы» тақырыптарын қамтиды.

Әрбір ғалым асуының биіктігі оның ғылым саласында құрай білген ғылыми жүйесіне байланысты болар. Сол секілді ғалымдардың бірі – өзіндік жүйе құра білген ойшылдардың бірегейі, философия ғылымында айшықты орны бар Мұқанмадияр Серікбекұлы Орынбеков еді.

Ол 1946 жылы шілденің 28-ші жұлдызында Жамбыл облысының Байқадам ауылында дүниеге келді. Жастайынан адам болмысының қыр-сырына қызығып өскен Мұқан 16 жасында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түсті. Университетті үздік бітіріп, 1967 жылы ҚазССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтына ғылыми қызметкер болып орналасты.

1971 жылы Кеңестер Одағындағы өте танымал философ, профессор Э.В.Ильенковтың жетекшілігімен «Философия мен ғылымдағы субстанция мәселесі» тақырыбында кандидаттық, ал 1988 жылы «Ғылыми танымның деңгейлері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Философия ғылымын теориялық тұрғыдан терең меңгерген ғалым, кәсіби философ ретінде философия принциптерін тиімді пайдалана отырып, өзінің қалған барлық саналы ғұмырын қазақ халқының руханилығын философиялық тұрғыда негіздеуге арнады.

Сол бір 1967 жылдан бастап 1995 жылға дейін Философия және құқық институтында көптеген қызметтерді атқара жүріп, ол қазақ халқының мәдени төлтумалылығы мен дін философиясы және философиялық һәм қоғамдық ой тарихын түбегейлі зерттеумен айналысты.

1995 жылдан бастап өмірінің соңына дейін қазақ білімінің қара шаңырағы эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және ғылымдар әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Университетте қызмет атқарған кезең Мұқан үшін ғылыми толысқан кезең болды десек жаңылыспаймыз. Сол уақытта Мұқанмадияр Серікбекұлы ҚазҰУ хабаршысының (философия және саясаттану сериясы) бас редакторы, философия және саясаттану факультеті Ғылыми кеңесінің мүшесі, философиядан және мәдениеттанудан докторлық және кандидаттық диссертация қорғайтын кеңестердің мүшесі бола жүріп, үш докторлық және алты кандидаттық диссертацияның қорғалуына жетекшілік етті. Сонымен қатар ол он шақты монографияның және көптеген ғылыми мақаланың авторы. Негізінен алғанда осы кітаптары мен ғылыми мақалаларының өзегінде жатқан мәселе – руханилық мәселесі еді.

Ол танып білген даланың кеңістік пен жазиралы уақыты, саликалы парасат әлемі, қоршаған орта болашақ ғалым көзқарасының қалыптасуына себеп болғаны рас. Ұлы дала мәдениетіндегі кеңдік, сабырлық, мейірімділік пен жомарттық, ізгілік пен ерлік, саликалы сөз саптау және тереңнен ой толғау, қиялдың биіктігін шынайы түрде баяндауы Мұқанның қазақ пәлсапасы мен ұлттық мәдениет, діндер тарихына байланысты ізденістері, жарияланған еңбектері оның ғалымдығы мен ұлт мұрасына деген жанашырлығы мен ұлтжандылығын көрсетеді.

**Лесхан Асқар филос.ғ.к., доцент,**  
**Бағдат Бейсенов филос.ғ.к., доцент**

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ЕҢ ҮЗДІК БІЛГІРІ

ОЛИМПИАДА

Жақында филология факультеті қазақ тілі кафедрасының ұйымдастыруымен дәстүрлі II «Мемлекеттік тілдің ең үздік білгірі» атты қазақ тілі пәнінен олимпиада өтті. Аталған шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналды. Олимпиада университеттің орыс бөлімінде оқитын I-курс студенттері арасында жүргізілді.



Аталған шараға қатысқан филология, шығыстану, заң, география, журналистика факультеттері мен экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлеріне қарай бастаушы және жалғастырушы топтарына бөлініп, эссе жазу, жағдаяттық тапсырмаларды орындау, мақал-мәтел айту және Отан, туған ел, тіл тақырыбына жазылған өлең шумақтарын толықтыру, оның авторларын табу сияқты тапсырмаларды орындады.

Шәкірттердің біліктілігін қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, профессор А. Салқынбай, Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ш. Қанафьева, қазақ филологиясы кафедрасының доценттері М. Мамаева, К. Күркебаев, Ә. Әміров, жалпы тіл білімі кафедрасының доценті А. Таусоғаровадан құралған қазылар

алқасы бағалады. Нәтижесінде бастаушы топтан О. Ге (геофак) – I орын, Е. Чудинова (экономика және бизнес ЖМ) – II орын, Ф.Сесез – III орын, жалғастырушы топтан М.Қожахметова (фил-фак) – I орын, А.Шапамбаева – II орын, А.Нарынбеков – III орынды иеленіп, жүлдегер атанды. Сонымен қатар олимпиадаға қатысқан өзге студенттерге «Ойлы студент», «Шешен студент», «Тапқыр студент», «Өнерлі студент» аталымдары бойынша арнайы мадақ қағаздары мен сыйлықтар тапсырылды. Сонымен қатар экономика және бизнес жоғары мектебінің өнерлі студенттері А. Белғожаева, Ә. Алрахимова ән айтса, шығыстану факультетінің студенті Р. Байназаров бірнеше күй тартып, домбыра тарту шеберлігімен көпшілікті тәнті етті.

Олимпиада барысында журналистика факультетінің I курс студенті Тен Ирина қазақ тілі туралы жазылған өз өлеңін оқып, жиналған көпшіліктің үлкен ілтипатына ие болды.

Қазақ тілі кафедрасының олимпиада өткізудегі мақсаты – орыс бөлімінде оқитын студенттердің мемлекеттік тілде сөйлеу, жазу дағдыларын жетілдіріп, шындай түсу, әрбір студент жастың бойына Отансүйгіштік қасиетті сіңіру. Осы тұрғыдан алғанда аталған шара өз мақсат-мүддесі талабынан шықты. Алдағы уақытта да студент жастардың тілдік біліктілігін көтеруге бағытталған шаралар өз жалғасын таба бермек.

**Х.Ә. ҚАРАБАЕВА,**  
қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Еңлік АҚЖІПТ,  
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, эл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10315

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.